

"Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйегіндегі № 498 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 653 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12628 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйегіндегі № 498 «Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына келесі өзгерістер енгізілсін (нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12219 санымен тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 12 қарашасында жарияланған):

тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын б е к і т у т у р а л ы » ;

1-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Қоса беріліп отырған, Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидасы бекітілсін»;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру

қ а ғ и д а с ы н д а :

тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидасы»;

1-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Осы Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;

8-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

« 8 . Е Б А м ы н а н ы :

1) спирттік, сулы спирттік ерітінді және құрамында қанты бар қоймалжың ортада, құрамында көмірсутекті газ бар ерітіндіде жұмыстың тұрақтылығын;

2) өсу қортындысымен есептеуді жүргізуді;

3) ЕБА жұмыс режимінде істен шыққан немесе оны ауыстырған жағдайда барлық жинақталған ақпараттардың сақталуын;

4) санкциясыз араласудан қорғауды;

5) жұмыстағы істен шығудан және сыртқы әсерлерден қорғауды;

6) электрмен жабдықтауда авариялық істен шығу жағдайында авариялық істен шығу болған сәттен бастап кемінде бес тәулік автономды жұмыс істеу ұзақтығын;

7) жарылыс - және өрт қауіпсіздігін;

8) ЕБА-ның жұмысына санкциясыз араласу жағдайлары туындағаны туралы а қ п а р а т т а н д ы р у д ы ;

9) сәйкестендіруге жатпайтын есептеу алу-бақылау таңбаларын анықтауды;

10) нақты уақыт режимінде:

этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру көлемі туралы;

этил спирті мен алкоголь өнімдеріндегі сусыз этил спиртінің концентрациясы (шарап материалынан, сондай-ақ сыра және сыра сусынынан басқа) туралы;

этил спиртінің қалдықтары туралы деректерді жинауды және бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы уәкілетті органға, оның аумақтық бөлімшелеріне беруді;

11) осы тармақтың 8) - 9) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ осы тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген деректер болмаған кезде этил спирті, алкоголь өнімдерін өндіру процесін тоқтатуды қамтамасыз етеді.»;

12-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«12. Этил спирті өндіру үшін сусыз этил спирті мөлшерін есептеуде өлшегіш және ЕБА бойынша салыстырмалы $\pm 0,5\%$ жоғары қателікке жол берілмейді.

Алкоголь өнімін өндіру үшін көлемдік шығыс өлшегіштен $\pm 0,5\%$ жоғары, 1 және 2 алкоголь өнімін даналап есептеу аспаптарынан $\pm 0,1\%$ (әрбір 10 000 шөлмекке 10 шөлмектен артық емес) жоғары қателікке жол берілмейді.»;

15-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«15. Этил спирті және алкоголь өнімдерін өндіру желілерінде металл фланецтік қосылыстарды қоспағанда, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің құбыр жолдырының иілгіш, пісірілген және басқа қосылыстарының болуына жол берілмейді.

ЕБА-ға заңсыз қол жеткізуді болдырмау үшін уәкілетті органның және (немесе) оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғасы алкоголь немесе этил спирті ж е л і л е р і н д е к е л е с і :

1) этил спирті іріктеуінде ректификациялық бағаналарын бастап ЕБА-ға дейін металлдық ернемектік жалғамаларына дейін (этил спирті өндірушілеріне);

2) жаппай немесе электромагниттік шығынын өлшеу аппаратына, екінші құрастырушысында, есептеу-бақылау таңбаларын сәйкестендіру үшін техникалық көру жабдығына, инфрақұрылымдық жабдықтарына (алкоголь өнімдері өндірушілеріне) индикаторлық бақылау пломбаларын орнату бойынша жұмыстарын жүргізе.

Осы Қағидалардың 15-тармақтағы 1) және 2) тармақшаларындағы жасалған жұмыстың қорытындысы бойынша, пломба салынған орындары, нөмірлері немесе пломбалар бедерлері көрсетіле отырып, тиісті акті жасалады, сонымен бірге актіге бар пломбалардың т і з і м і қ о с ы л а д ы . » ;

3-бөлімнің тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«3. Алкоголь өнімдерін, оның ішінде өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра және сыра сусыны өндірудің технологиялық желісін ЕБА жарақтау, олардың жұмыс істеуін және есептеуді жүзеге асыру тәртібі»;

28-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«28. Шарап материалы және сыра сусының қоспағанда, алкоголь өнімдерін есептеу ү ш і н Е Б А , м ы н а л а р д а н :

1) құю желісіне келіп түсетін алкоголь өнімдерінің (арақ және айрықша арақ, ликер-арақ бұйымдарын өндірушілері) көлемін, тығыздығын және температурасын, жаппай шығынын өлшеуге мүмкіндік беретін өнімінің шығынын өлшеуіш;

2) тұтыну ыдысына құйылған алкоголь өнімдерінің данасын есептеу есептегіші;

3) есептеу-бақылау таңбаларын сәйкестендіру үшін техникалық көру жабдығы;

4) бақылау-өлшеу аспаптарынан алынған деректерді қайта оқитын екінші құрастырушы (бақылау жабдығынан);

5) ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу және беру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік жабдыктан;

6) инфрақұрылымдық жабдықтардан (үздіксіз қоректендіру көзі, серверлік шкафтан

, бейне бақылау камерасынан) тұруы тиіс.»;

29-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«29. Өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра және сыра сусының есептеу үшін ЕБА мыналардан:

1) өндірілген сыраның көлемін өлшейтін сыра ағысының жаппай немесе электрмагниттік шығынын өлшеу аппаратынан;

2) шығынды өлшеуішті екінші құрастырушыдан;

3) ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу және беру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік жабдықтан;

4) инфрақұрылымдық жабдықтан (үздіксіз қоректендіру көзінен, серверлік шкафтан) т ұ р а д ы . » ;

30-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«30. Алкоголь өнімінің, өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра және сыра сусынының шығынын өлшеуіш құбыр жолының көлденең учаскесінде құю автоматына барынша жақын орнатылады, ол өлшеу кезінде бүкіл қиылыстар бойынша үнемі толы болады. Құбыр жолының аралық ернемектік ажыратқыштарына және алкоголь өнімдерінің, сыраның шығынын өлшеуішпен құю автоматының жалғастырушы ернемегі арасындағы басқа да қосылуларға жол б е р і л м е й д і . » ;

1-қосымшаның оң жағындағы бұрашын келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларына

1-қосымша

(№ П - 1 8 н ы с а н ы)

.....»

2-қосымшаның оң жағындағы бұрашын келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра өндірісінен өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке

алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру,
олардың жұмыс істеу және есепке алынуын
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша

».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімдік баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесіне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жариялану үшін жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс.

Қаржы Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б. Сұлтанов